



"Бурабай" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 шілдедегі N 608 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
"Бурабай" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы "Бурабай" арнайы экономикалық аймағын құру туралы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңына сәйкес және Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2017 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңге "Бурабай" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған АЭА туралы ереже бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі АЭА-ның қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы N Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Бурабай" арнайы экономикалық аймағы туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. "Бурабай" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АЭА) Ақмола облысы Щучье ауданының аумағында орналасқан.
АЭА аумағы 370 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының

ажырамас бөлігі болып табылады.

2. АЭА мынадай мақсаттарда құрылады:

қолайлы инвестициялық климат құру, отандық және шетелдік инвестициялар тарту;

"серпінді" инвестициялық жобаларды іске асыру;
көліктік-логистикалық, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құру;
ақпараттық, қаржылық, сақтандыру және басқа да қызмет көрсету түрлерін дамыту;
қазіргі заманғы туристік инфрақұрылымды дамыту және оны инвестициялауға
қ о л а й л ы ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

табиғи, мәдени-тарихи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны
қ о р ғ а у .

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен,
"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы"
Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңымен, осы
Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық
а к т і л е р і м е н р е т т е л е д і .

4. АЭА аумағындағы негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:
халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кең көлемдегі қызмет көрсетуді
ұсынатын қазіргі заманғы туристік орталық салу;

бизнес-жоспарларды әзірлеу мен іске асыруды, жобалық-сметалық құжаттаманы,
құрылыс-монтаж жұмыстарын, АЭА аумағын абаттандыру жөніндегі жұмыстарды
қамтитын АЭА-ның қазіргі заманғы туристік инфрақұрылымын құру;

3) туристік индустрияны қамтамасыз ететін:
туристерді орналастыру құралдарын;
қоғамдық тамақтану объектілерін;

сауықтыру объектілері мен құралдарын (ойын залдары, аквапарктер, ашық спорт
алаңдары, аттракциондар, жалға беру пункттері және т.б.);

танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттардағы объектілерді
ж о б а л а у , с а л у .

5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда
Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы
заңнамасындағыдан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері
қолданылады.

2. АЭА-ны басқару және атқарушы органның құзыреті

6. АЭА-ны басқаруды Ақмола облысының әкімдігі атқарушы орган құру жолымен
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

7. Атқарушы орган мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды

тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене алады, сотта қуынушы және жауап беруші бола алады, сондай-ақ өз атауы мен басқа қажетті деректемелері жазылған елтаңбалық мөрі
б о л а д ы .

8 . А т қ а р у ш ы о р г а н :

өзінің құзыреті шегінде АЭА-ның аумағында жалпыға міндетті күші бар актілер
ш ы ғ а р а д ы ;

АЭА-ны дамыту стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды
ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

АЭА-ның аумағындағы мемлекеттік және өзге де органдардың өзара іс-қимылын
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

АЭА-ны дамыту мен оны құру мақсаттарына жету үшін отандық және шетелдік
инвестициялар, сондай-ақ кредиттік қаражат тартуды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге
асырады.

3. АЭА-ның аумағында салық салу

9. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық
заңнамасымен реттеледі.

4. Кедендік реттеу

10. АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес ерікті
кеден аймағының кедендік режимі қолданылатын Қазақстан Республикасы кедендік
аумағының бір бөлігі болып табылады. АЭА шекарасының периметрі бойынша арнайы
қоршау орнатылады. АЭА-ның периметрлері Қазақстан Республикасының кеден
ш е к а р а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

11. АЭА-ның аумағында кедендік ресімдеу мен бақылау Қазақстан
Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Еркін кеден аймағының кедендік режимі ретінде АЭА-ның аумағына мынадай
тауарларды орналастыруға жол беріледі:

1) АЭА-ның аумағында салынатын құрылыс объектілерін қамтамасыз ету үшін
қажетті машиналар, тетіктер мен жабдықтар;

2) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес АЭА-ның аумағында объектілерді салуға
және пайдалануға беруге қажетті машиналар, жабдықтар, тауарлар мен материалдар.

Еркін кеден аймағының кедендік режиміне АЭА-ның аумағында орналастырылған
т а у а р л а р м е н :

тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;
тауарларды тасымалдауға дайындау (партияны бөлу, сұрыптау, тиеу, түсіру, қайта

тиеу) және құрылыс салу процесінде құрылыс салуға бөлінген учаскенің аясында ұтымды орналастыру және тұтыну мақсатында тауарлар мен көлік құралдарын өткізу (кеден органдарының рұқсатымен);
ғимараттар, имараттар мен құрылыстар салу кезінде құрылыс өндірісі технологиясының талаптарын орындау жөніндегі операцияларды жасауға жол беріледі.

5. Қоршаған ортаны қорғау

12. АЭА-ның қызметін жүзеге асыру өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері теңгерімінің негізінде қоршаған ортаны тұрақты дамытуға және қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделген.

6. Шетелдіктердің АЭА-ның аумағында болу тәртібі

13. АЭА-ның аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының кіру, шығу, транзиті және болу тәртібі қолданылады.

7. Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

14. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

АЭА "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңында көзделген негіздер бойынша таратылады.

АЭА-ны тарату рәсімін атқарушы орган жүзеге асырады.

17. АЭА-ны құрылған мерзімі аяқталуына байланысты таратқан кезде атқарушы орган :

көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде АЭА-ның алдағы таратылатындығы, оның таратылуына байланысты өтініштер мен талаптарды қабылдау тәртібі мен мерзімі туралы хабарландыру жариялайды;

АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға оның аумағындағы тауарларды өзге кедендік режимге қайта ресімдеу тәртібін түсіндіруді қамтамасыз етеді;

АЭА таратылғаннан кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне АЭА қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсынады.

18. АЭА-ны Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мерзімінен бұрын тарату осы Ереженің 15-тармағында көзделген рәсімдер сақтала отырып алты ай

мерзімнен кешіктірмей аяқталуға тиіс.

19. АЭА-ның осы Ережеде реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК